

Әбу Хамид әл-Ғазали мен Абайдың діни-этикалық  
философиясындағы «жүрек» мәселесінің сабақтастығы

Zhalgas SANDYBAYEV\*

**Абстракт**

Мақалада ортағасыр мұсылмандық Шығыстың рухани мазмұнын көрсеткен Әбу Хамид әл-Ғазали мен қазақтың рухани дүниесінің көрнекті өкілі, ақын, дана Абайдың моральдық философияларындағы «жүрек» мәселесі сарапталып, сабақтастығы айқындалады. Екі ойшылдың да имандылық арқылы терең адамгершілік идеясын адам жүрегіне ұялатуды қалайтындары айтылады.

Тақырыпты ашу үшін автор екі ойшылдың еңбектеріндегі «жүрек», «жылы жүрек», «адам жаны», «ғашық жүрек», «ынталы жүрек» сияқты құндылық танымдарын талдап, олардың мәні мен мазмұнын, бір біріне ұқсастығын ашып көрсетуге тырысады. Автор, екі ғалымның да этикалық тұжырымдамаларын діни сипаттамаға ие, оны діни-этикалық деп атауға болатынын алға тартады. Сөйтіп, Әбу Хамид әл-Ғазали мен дана Абайдың еңбектеріндегі мораль философиясының негізі, яғни насихатталып отырған адамгершілік, гуманистік ойлардың бәрі «жүрек» ұғымымен ұштас жатыр деген түйін жасалады.

**Түйін сөздер:** Әбу Хамид әл-Ғазали, Абай, жүрек, жылы жүрек, жан, адамгершілік, кемел адам, көркем мінез, рухани құндылық, бала тәрбиесі, ислам философиясы, кәлам, ахлақ.

**Abu Hamid el-Gazali ile Abay'ın Dini Etik Felsefesi Görüşlerinde  
«Kalp» Kavramı Mukayesesi**

**Özet**

Makalede orta çağdaki müslüman doğunun manevi içeriğini yansıtan Ebu Hamid el-Gazali ile Kazak'ların maneviyatının temsilcisi, şair, hekim Abay'ın ahlaki felsefelerindeki "kalb" meselesi incelenip, bağlantıları belirlenecektir. Onların insan kalbine derin ahlaki inançlar kazandırmak istedikleri söylenir.

\* Yrd. Doç. Dr., Kastamonu Üniversitesi İlahiyat Fakültesi.



Mevzuyu keşfetmek için yazar, iki düşünürün eserlerindeki "kalp", "sıcak kalp", "insan ruhu", "aşık olan kalp", "şevkli kalp" gibi kavramları analiz edip, bu kavramların anlamını ve içeriğini, bir birine benzerliğini izah etmeye çalışacaktır. Yazar, her iki âlimin etik konseptlerinin dini özelliklere sahip ve dini-ahlaki olduğunu öne sürmektedir. Dolayısıyla, Ebu Hamid el-Gazali ile Abay'ın eserlerindeki ahlak felsefesinin temeli, yani propaganda edilen insancılık, hümanist düşüncelerin tümü "kalp" kavramı ile birleşik olduğu neticesi ortaya çıkmaktadır.

**Anahtar Kelimeler:** Ebu Hamid el-Gazali, Abay, kalp, sıcak kalp, ruh, şevkli kalp, aşık olan kalp, kâmil insan, iyi huyluluk, manevi değerler, çocuk terbiyesi, İslam felsefesi, kelim, ahlak, insanilik, akıl.

### **Comparison of Abu Hamid al-Ghazali and Abay's Concept of "Heart" in the View of Religious Ethical Philosophy**

#### **Abstract**

In essence, the "heart" in the moral philosophy of Abu Hamid al-Ghazali, the representative of the Kazakhs' spirituality, the poet, the scientist Abay, which reflects the spiritual content of the middle-aged Muslim nature, will be examined and its connections will be determined. They are said to want to gain deep moral beliefs in human heart.

To explore the subject, the author tries to analyze the cognition of values such as "heart", "warm heart", "human spirit", "love heart", "desirous heart" in the works of two thinkers, trying to explain a sense and content, the similarity of one. The author has the religious features of his two conceptual concepts of conscience and suggests it in his religion-ethics.

Hence, it is concluded that the moral philosophy of Abu Hamid al-Gazali and Abay's work is combined with the notion of propaganda, humanism, humanist thoughts all together with the concept of "heart".

**Key words:** Abu Hamid al-Ghazali, Abay, heart, warm heart, soul, love heart, desirous heart, morality, perfection, tolerance, spiritual values, child education, Islamic philosophy, kelim, moral, mind.



### Кіріспе

Расында Батыс пен Шығыс философиясының дамуына өз ықпалын тигізген араб-мұсылман ғалымы Ғазалимен, қазақ даласы ұлы ойшылдарының бірі Абайдың сабақтастығын салыстыру қоғамымыз және отандық философия мектебі үшін пайдасы зор. Бұл жалпы адамзат тарихының көшіндегі қазақ дүниетанымы бойынша адам мәселесі мен антропологиялық ерекшеліктерін саралауға көптеген мүмкіндіктер ашады. Екі ойшыл арасындағы іліктестіктер мәдениеттер арасындағы қатынастың күшеюіне және Шығыс өркениеттері арасындағы саяси үйлесімдіктің орнығуына өз ықпалын тигізуі мүмкін.

Себебі адамгершілік, махаббат, рухани өмір, жан азығы сияқты т.б. мәселелер ешқашан және ешқандай қоғамда өзектілігін жоғалтқан емес. Әсерсе, араб-мұсылман әлеміне ғана емес бүкіл батысқа танымал Әбу-Хамид әл-Ғазали мен қазақ халқының ұлы ақыны, ойшыл Абаймен сабақтастық мәселесін қарастыру – заман талабы. Екі ғалымның дүниетанымындағы кейбір ой-пікірлер сабақтастығында салыстыра қарағанның өзінде-ақ іліктестіктер жетерлік. Біз осындай мораль философиясындағы үндестіктердің бастысы әрі негізгісі «жүрек» мәселесіне талдау жасмақпыз.

Әбу Хамид әл-Ғазали мен Абайдың еңбектеріндегі мораль философиясының негізі жайлы айтар болсақ, екі ғалымның да танымындағы жүректің орны бөлек. Мұны адамгершілік асыл қасиеттердің негізі ретінде ұғынған жөн. Себебі адамгершілік құндылықтар пікірінің астарында – жүрек мәселесі жатыр.

«Дененің әрбір мүшесі арнайы бір іс үшін жаратылған. Ол мүше сырқаттанып қалған жағдайда, оның орындауы тиіс болған әрекеті орындалмай қалады немесе машақатпен орындалады. Мысалы, қол ауырса, затты ұстау күшін жоғалтады. Көз ауырса, көру қасиетін жоғалтады. Жүрек ауырса, өзіне тиіс амалды орындаудан мақұрым қалады. Ал жүректің орындауы тиіс амалдары: білім алу, хикмет үйрену... Алланы зікір етіп ләззат алу...»<sup>1</sup> – деген Ғазали жүректі эмоциялық сезімнің, адамгершілік негіздегі мейірімнің қайнар көзі ретінде таниды. Жүректі адамның өзін тану туралы ғылым саласында алар орны мен атқарар қызметін ахлақ тәрбиесі тұрғысынан арнайы

<sup>1</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 113 б.



қарастырып, өзіне дейінгі ойшылдардың пікірін саралап, оны әрі дамытқанын анық көреміз.

Сол сияқты Абай еңбектеріндегі адамгершілік ойлардың негізін, бұл туралы өзіндік танымын молырақ таратуға ұмтылғанда, айырықша мән-мағына бере қарайтын күрделі пікірлерінің тоғысар жері де – жүрекке байланысты айтылған сыры мен қыры мол тынымында жатыр. «Абайда айтылған толық адам жөніндегі ұғымды құрайтын басты сипаттардың ішіндегі рақым шапағатқа (жүрекке) ұлы ойшылдың тек қана биік гуманистік мұрат-мақсат тұрғысынан қатынас жасайтыны – ақын шығармаларындағы басты сарын екені талас тудырмайтын шындық»<sup>2</sup>. Ақын өзінің дүние танымында ақыл, қайрат, жүректің бірлігіне аса зор мән бере қарайтын себептен:

«Ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұста.

Сонда толық боласың елден бөлек.

Жеке-жеке біреуі жарытпайды,

Жолда жоқ жарыместі «жақсы» демек»<sup>3</sup>.

– дегенде кемел адам хақында ұстанған көзқарасына сай сипаттары түгел қамтитын елеулі ұғымдардың бастыларын жай атап отырған жоқ. Абай өзінің дүние танымында ақыл, қайрат жүректің бірлігіне аса зор мән бере қарайтын себептен: «Жеке-жеке біреуі жарытпайды. ...Біреуінің күні жоқ біреуінсіз...», – деп ақыл, қайрат пен жүректің күрделі үштік ұғымының өзіне тән адамгершілік мағынасын айғақтап тұр. Абайдың Ғазалиден ерекшелігі, ақынның жүрек туралы сан қырлы танымдары көбіне, поэтикалық тіл тұрғысынан қарастырылды.

Ғазали «Риязату ән-нәфс» (Жан тәрбиесі) атты трактатында жүрекке арнайы «Амраз әл-қулуб уа иләжуһа» (Жүрек дерттері және одан сауығу жолдары) деген тақырып бөледі. Мұнда ойшылдың сап (таза) жүректі суреттеу арқылы берілген адамның кемелдік табуының басты белгілері ретінде сипатталған ой-пікірлер толық адам жөніндегі көзқараспен тікелей тұтасып жатады.

<sup>2</sup> Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 102 б.

<sup>3</sup> Абай. Өлеңдер. – Алматы: Казгослитиздат Полиграфический комбинат при совете Министерства Каз. ССР, 1952. – 86 б.

Ғазалише жүрек науқастығының нәзіктігі сонша, адам бұл ауруға шалдыққанын сезбейді. Мұндай дертке тап болған адам, бұдан емделу үшін көп сабырлық етіп, түрлі машақаттарға шыдауы қажет. Себебі жүрек дертінің емі, нәпсінің шаһуатына қарсы әрекет етуі арқылы іске асады, бұл өте қиын. Мұны жанның шығуымен тең десе де болады. Мұнан соң жүректегі дертті емдейтін шебер дәрігерді табу одан да машақатты іс. Себебі жүрек дерттерінің дәрігері – ғалым адамдар. Бірақ, олар мал-дүниеге, атақ-даңққа қызығып, дүниеге берілгендіктен олардың өздері жүрек дертіне шалдыққан: «Өзін емдей алмаған дәрігер, басқаны қалай емдемек?...»<sup>4</sup>.

Сол себепті ғалым, күллі жүрек аурулары жоққа шығарылды. Тіпті «жүрек дерті жоқ» деген ұранмен бұл аурудың бар екені теріске шығарылды. Нәтижеде адамдар дүниені сүйюге, құлшылықты сырт көз үшін, рия амалдар жасауға ден қойды. Жүрек дерттерінің белгілері міне, осылар – дейді<sup>5</sup>.

### **Жүрек туралы пікірлер мен өзекті желістер**

Мұсылман ойшылы, жүрек дертінен сауығу жолдарын да көрсетеді. Жүрек дертінің емі, осы дертке шипа болатын себептерге бет бұруы арқылы басталады екен. Мысалы, сараңдық дертінің шипасы, мал-мүлікті қайырымдылық жолында жұмсау. Бірақ қайырымдылық жасау ниетімен, ысырапқа өтіп кетпеу тиіс. Болмаса сараңдық дертінен сауығамын деген адам, ысырапшылық дертіне шалдығуы мүмкін екен, ең дұрысы орта өлшемді ұстану. Сөйтіп Ғазалидің белгілі «...күллі нәрседе орташалық қажет» тұжырымдамасы осы жерде де көрініс табады. Бұл өз кезегінде Абайдың «Әрбір жақсы нәрсенің өлшемі бар, өлшемнен асса – жарамайды. ...бұл нәрселердің бәрінің өлшемі бар» – деген өлеңінен көрініс тапқандай. Абайдың мұнда айтып отырған «өлшемі» Ғазалидегі орташалық деңгей екені анық.

Абайдың жүрек туралы пікірлері мен өзекті желістері: «Әуелде бір суық мұз ақыл зерек», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Малға достың мұны жоқ малдан басқа», «Алла деген сөз жеңіл» сияқты т.б шығармаларында тұжырымдамалары баяндалған.

<sup>4</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мухаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 114 б.

<sup>5</sup> Әл-Афқар гинда әл-Ғазалий. – Байрут-Любнан: Әл-Мактаба әл-Арабия, 1983. – 41 б.



Ақын адам бойындағы ақыл, қайрат, жүрекке ерекше назар аударып, ой толғайды. Осы үштік ұғымның мән-мағынасынан өмірінің ақырына дейін қол үзбей, оған негізінен адамгершілік астар беруі тегін емес. Абайдың өзі үш сүю яки иманигүл деп атаған таным тұрғысынан өзіндік ой байламдарын талдауға ұмтылған әрекетін көреміз. Оның пікірінше жүрек дертіне шалдықпаудың немесе одан сауығудың жолы, осы үш қасиеттің бірлігінде, тұтастығында жатыр. Жүректің саулығы мен жанның кемелдігіне жету үшін осы аталмыш үштіктің адамгершілік табиғатын ұзақ жылдар бойы сарыла зерттеп, белсене насихаттауға күш салған:

Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті:

Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек, –

деп бұларды меңгеруге шақырады. Осы сөздер Абайдың дүниетанымының негізінен туындап жатқан құбылыстың мән-мағынасын аша түсумен қатар, ортағасыр Шығыс мұсылман мистиктерінің жан туралы философиясымен де ұштасып жатқан сияқты. Мысалы, Ғазали: «Жүректің азығы ақыл, білім және Аллақа деген махаббат. Егер жүрек дертке шалдықса, онда оның табиғаты өзінің орындайтын міндетінен ұзақтауы мүмкін. ...бұл жүрек пен дене мүшелерінің арасында болатын ғажап қатынас. Жүректе пайда болған әрбір сипаттың ықпалы, дене мүшелерге де тиеді. Тіпті олар жүректегі осы сипатқа сәйкес қозғалысқа түседі...»<sup>6</sup>, – дегенде жүректі дене мүшелерінің қозғалысына басшылық қылатынын арнайы атап көрсетеді.

Абай Ғазалидің бұл пікірін «...Мен – адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тіршілік жоқ. ...мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады...»<sup>7</sup>, – деп растап, жүректі адам денесінің патшасы ретінде қарай отырып, оны адамгершілік сипаттарының қайнар көзі, ұлы мекені деген танымды ұқтыруға тырысады.

Осы ойды тереңірек бекітуге зейін қойған Абай: «Осы үшеуің басыңды қос, бәрің жүрекке билет, – деп айтушының аты ғылым екен...»

<sup>6</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 4. – 416 б.

<sup>7</sup> Құнанбаев А. Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 153 б.

Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны осы – депті», – деген ойды ғылым атынан айттырғанымен, ол ұлы ақынның өз ойы, өз танымы екенін байқау қиын емес.

Осында Абайдың сілтеме жасап отырған кітабы – Құран. М. Әуезов «Абайға шығыстан кірген бұйымдардың басы Ислам діні», – деп көрсеткенде бұл пікірдің түп төркінінде үлкен тарихи шындық жатқанын ескеріп барып айтқан<sup>8</sup>. Ал исламдағы білім мен тәрбиенің қайнар көзі – Құран мен хадис.

Абай сопылық ақындарымен қатар Шығыс поэзиясының ұлы классиктерін де баурай оқып меңгерген. Мұсылман ірі ойшылдары мен ақындардың бәрі де сопылық мектебімен әрқилы дәрежеде байланысты болып, суфизм дүниетаным шеңберінде тартылып, әрқайсысы түрлі дәрежеде көрінген рухани құбылыста жататын-ды. Сондықтан жалпы Шығыс классиктеріне де тән көріністі профессор Бертельс: «Өте сирек жағдайда болмаса, мұсылмандық Шығыстың ірі авторларының бәрі деліктен суфизммен қалай болса да байланысты болған. Осы әдебиеттермен таныспайынша оларды түсіндірудің өзі қиын», – деп пікір түйеді<sup>9</sup>.

Демек, Абайдың дүниетанымы жалпы адамгершілікті меңзей отырып, дінтану, теология, сенім мен болмыс туралы білімдерінің қайнар көзі мектеп-медреселерде үстем болған Қожа Ахмет Ясауи, Сүлеймен Бақырғани, Сопы Аллаяр сияқты суфизмнің ірі ақындарымен қатар, мұсылман ойшылы әл-Ғазали сияқты Құран мен хадистен азықтанғанын көреміз.

Ғазалидің дүниетанымында жүрек адамзат бойындағы сезім (хауас) мүшелерінің ең күрделі әрі ішкі органдардың бірегейі. Осы себепті оның жүрек жайындағы танымдарының негізін, Абай шығармаларында ерекше мән бере сөз етілген хауас хаққындағы ұғым-нанымдармен сабақтастыра отырып қарастыру қажет.

Ғазалише «...намаздың рахатын сезу үшін алтыншы, жасырын түйсік керек. Ол – жүрек. Намаздың ләззатын жүрегі ояу адам ғана сезеді. Сезімнің бес түйсігімен рахаттану қасиеті парасатсыз

<sup>8</sup> Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 39 б

<sup>9</sup> Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – М.: Наука, 1965. – 54 с.



жануарларда да бар...»<sup>10</sup>. Ойшыл, адам баласын басқа мақұлықаттардан хауастың осы алтыншысы, жүрек сезімі арқылы ерекшеленетінін алға тартып, адамды Фарабидің тілімен «хайуан натиқ» яғни парасатты жануар деп атайды.

Ғазали «...намаздың рахатын сезу үшін алтыншы, жасырын түйсік керек. Ол – жүрек...»<sup>11</sup> – деп айтса, ақын Абай:

Алла деген сөз жеңіл,

Аллаға ауыз қол емес.

Ынталы жүрек, шын көңіл

Өзгесі хаққа жол емес.

Дененің барша қуаты

Өнерге салар бар күшін.

Жүректің ақыл суаты

Махаббат қылса тәңірі үшін<sup>12</sup>, –

деп Алланы тану үшін жүректен басқа түйсіктердің барлығы әлсіз екенін басып аңғартады. Расында да Ғазали «Китаб әл-махабба уаш-ауқ уар-риза» (Махаббат, құштарлық және ризашылдық) атты трактатында егер махаббат танымы тек бес сезім мүшелерімен ғана шектелер болса, Алла тағала бес сезім мүшелерімен танылмайтын заттарды, көрсетуі лазым болар еді деген пікірін паш етеді.

Жүрек көзі сыртқы көзден артық. Сол сияқты ақыл арқылы танылған көркем мағыналар көзбен көретін сыртқы бейнелердің сұлулығынан жоғары. Таныммен келген жүректегі ләззат, көзбен көріп, туған ләззаттан толық әрі кемел екеніне күмән жоқ, адамдарға дұрыс ақыл мен болмыста бұған деген тартылыс басым келеді. Бұл кезде адамның негізгі болмысы мен оған тән ақыл, нұр, жүрек, рух сияқты

---

<sup>10</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 4. – 420 б.

<sup>11</sup> Сонда: 182 б.

<sup>12</sup> Абай. Қара сөз. – Алматы: Өнер, 2001. – 37 б.



қасиеттермен берілетін алтыншы сезім мүшесі жоқ саналар-ды деген пікірді дәлелдейді.

Ғазали көтеріп пікір қозғаған адамның жан сыры жөніндегі ойлардың ақын-жазушы Абайдың да шығармаларында орын алғандығы мәлім. Абайдың пікірінше, тіпті хауасты түсіндіріп танытуда мұсылман әлеміндегі дүниетанудың басты философиялық негізі деп саналатын мутакаллимин мен мантиқиндердің өзі де жауап бере алмақ емес. Дұрыс жауапты жүрек қана бере алар деген өзіндік ой байламын жасайды. Ақын өзінің хауас жөніндегі ойының басты желісін, әсіресе, «Алла деген сөз жеңіл» өлеңінде ашығырақ білдіреді:

Ақыл мен хауас барлығын

Білмейдүр жүрек, сезедүр.

Мутәкәллимин мантиқин

Бекер босқа ездүр<sup>13</sup>.

Адамның жан сыры жөніндегі көне деректерді әрі өз заманы тұсындағы көзқарастарды сыншы ой елегінен зерлей өткізу арқылы өзіндік ой-пікірін қалыптастырып, сол ұғым-нанымдарын қызу насихаттап отырған ойшыл ақын әрекеті көрінеді.

Жалпы хауас туралы өзіндік ой пікірлерінде Абай қоғамдық ой-санадан мол орын алып, философияда ғасырлар бойы сөз болып келе жатқан «адамның өзін танымақтығы» деп аталатын Ғазалидің тұжырымдамасындағы адамның жан сыры жөніндегі ой пікірлермен мол сабақтастығы барлығын байқатады.

Ғазали ахлақты екі ғылымға бөліп қарастырды яғни адамның «ішкі» рухани дүниесіне және «сыртқы» іс-әрекет пен қылыққа қатысты. Сөйтіп ішкі мен сыртқының бірлігі, түйсік пен амалдың қосындысы адамның этикалық өмірінің мәнін құрайды. Мұны ойшыл, адамның көзіне көрінетін және көрінбейтін екі бөлек дүние бар, яғни көзге көрінетін дүние, тән көзге көрінбейтін дүние, адамның ішкі әлемі дейді. Себебі адам, көзбен көрінетін тәннен (денеден) және ақылмен пайымдалатын рух (нәпсіден) құралған. Бұлардың әрбірінің өзіне тән пішіні мен бейнесі бар. Оның бейнесі көркем болуы мүмкін немесе

---

<sup>13</sup> Сонда: 38 б.



жаман болуы ықтимал. Ақылмен танылатын жанның қадірі, көзбен көрінетін тәннен жоғары тұрады. Өзің іштей және сырттай үйлесімді кемелдік тапқаныңда Аллақа келесің.

Егер Абайдың жан «мен», тән «менікі» туралы дүниетанымын молырақ білдіретін өлеңдерін, әсіресе, қарасөздеріндегі жан сыры туралы ақын ойының өзекті желісін, негізгі құйылар арнасының іздерін ой көзімен салыстыра отырып ашар болсақ, онда оны Ғазалидің «Риязату ән-нәфс» (Нәпсі тәрбиесі) трактатындағы жан мен тән туралы нанымына саятыны айқындалады.

Ғазалиде ішкі дүние кейде «нәпсі», кейбір кезде «рух» немесе «жан», ал басқа кезде «жүрек» суретінде бейнеленеді. Бірақ, ойшыл: «Дененің топырақтан жасалғанына, ал жанның әлемдердің Раббысынан келгеніне дәлел бар. Мұндағы рух пен нәпсі деген сөздердің мақсаты бір», – деп көп жағдайда «нәпсі» сөзін қолданады. Сөйтіп дене мүшелері ішкі дүниенің, жүректің қызметшілері. Жүректің сау болуы үшін дүниеқұмарлыққа бой ұрмау және ысырапшылдық пен сараңдықтан сақ болу шарт. Жүрек осы екеуінен (ысырапшылдық пен сараңдықтан) тең шамада алшақтаған жағдайда ғана кемелдікке жетеді, негізінде орта жол – осы деп ойын топшылайды.

Осындай пікір желілерін Абайдың 7, 19, 27, 38-қарасөздерінен де ұшыратамыз. Жиырма жетінші сөзінде хайуан мен адам арасындағы ерекшелікті олардың дүние тану сипатына қарай жіктеп: «...хамма мақұлыққа да қара, өзіңе де қара... Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін – үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Хайуан артын, осы күнін де бұлыңғыр біледі. Алдыңғы жағын тегіс тексермекке тіпті жоқ», – деп, тану қабілетінің адамда зор сапалық ерекшелікте болып келетінін атап өтеді.

### **Кемел адам – ортақ пікір**

Ғазали мен Абайдың дүниетанымындағы іліктес пікірлерді сөз қылғанда ерекше назар аударар нәрсе – «кемел адам» мәселесі. Екі ойшылдың кемел адам идеясы – прогрессивтік және гуманистік идея, адам дегеніміз бұқара емес, индивид. Оны көптің арасынан көре алмайсын. Сондай-ақ, адамның өзін-өзі жетілдіру идеясы, адам мен



қоғамның прогрессивті даму идеясы десе болады. Осы арада айта кететін жайт, бұл ойдың бір ұшын Фарабиден де байқаймыз<sup>14</sup>.

Кемел адам тұжырымдамасын жасаушы Джалалиддин Руми және Ибн Арабиге қарағанда Ғазали толық саяси реализм мен интуицияға ие және күллі нәрседе орташалықты ұстанды. Ол тек теоретикалық еңбектерді жазып қана қоймады, оның шығармалары араб халифаларының іс-жүзіндегі қолданыстарын тапты. Белгілі Ислам зерттеушісі Массе бұл туралы Ғазалидің факихтар мен сопылардың арасындағы алтын ортаны табуға әрекет қылғанын айтады.

Абай өзінің толық адам хақындағы негізгі ой байламдарын өнер тілімен желісті де жүйелі түрде үздіксіз уағыздап отыруды мақсат тұтқан. Ол машаюн мектебіндегілердің ақыл-сананың да пайда болар орны жүрекке байланысты құбылыс танымын 17-сөзінде жүректің атынан «...қан менен тарайды, жан менде мекен қылады», – деп баян қылады.

Ақын жүрек атынан айттырып отырған жан туралы ұғымын және хауас пен қарасөздерінде молынан таратылатын «жан қуаты», «жан құмары», «жан азығы» деп аталатын танымдары Ғазалидегі «ақыл қуаты», «нәпсі күші», «нәпсі құмарлығы», «зерденің кемелдігі» ұғымдармен өзектес. Сондықтан Абайдағы осы пікірлердің нәр алар көзі Ғазалидің ойымен төркіндес жатыр. Екі ойшылдың да пікір талқысына салып отырған «жан құмары», «нәпсі қалауы», «көркем мінез» деген күрделі ұғымдардың шешімі зерденің кемелдігі мен жүректің тазалығына байланысты. Ғазалидің тілімен айтқанда «Дүние жамандықтарынан аман жүрек – сау жүрек. Сондықтан сау жүректің иесі болу қандай бақыт десеңші!»<sup>15</sup>.

Абай осы ұғымның мән-мағынасына өз тарапынан айырықша моральдық-гуманистік салмақ бере қарайды. Жүректі мінез-құлықтың құндылық негіздері туралы көзқарастарында жиі қолданылатын «адам болу», «толық адам», «адамшылық» деген үлкен мағыналық танымдармен тікелей бірлікте қарастырады. Ғазалидің жоғарыдағы жүрек жайында айтқан сөздерінің мағынасын Абайдағы толық адаммен желілес алып қарар болсақ, оның астарынан адамзат баласының бойында ұялаған ең асыл қасиеттерді көреміз.

<sup>14</sup> Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 172 б.

<sup>15</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 4. – 405 б.



Ғазалише адам бір нәрсені істеді қаламаса, ол өзін қинаған болады әрі ол оның көзінше үлкейіп, сол іске деген жалқаулығы туады. Ал енді ол сол істі қалайтын болса, онда мұның жеңіл келері сөзсіз. Адам қалаған кезінде аспандағы құсты жерге түсіреді, теңіздің түбіне түседі, жыртқыш аңды аулайды, улы жыланмен ойнайды және уға қарсы дәрі жасайды. «Дүние істерінде осындай болғаны сияқты, рухани әлемінде де осылай болмақ. Жүрегін тазалап, көркем мінез болуды қалаған адамға, оны орындау қиын болмайды. Мұның бір жолын тауып, өз жүрегін тазалайды. Ал енді көркем мінезді болуды қаламаған адамға, жүрегін бұзықтықтан тазалау ісі – ең қиын іс»<sup>16</sup>, –деп жүректі тәрбиелеу туралы ойын тұжырымдайды.

Абайдың да жүрек туралы пікір қозғағанда алға қояр басты мұратының бірі – жүректің адам өмірінде атқарар қызметіне айырықша мән-мағына беріп, оны асыл қасиеттердің: мейірім, рахым, әділет, шапағат, ар-ұят сияқты атаулының қайнар көзі етуге үндеу:

Қайрат пен ақыл жол табар,

Қашқанға да, қуғанға.

Әділет, шафғат кімде бар,

Сол жарасар туғанға<sup>17</sup>.

Абай, осылайша, ақыл мен қайрат екеуі жүрекке сүйенбесе, оның ырқынан тыс әрекет етсе, ол ізгіліктен, жақсылықтан алшақтайды деген нанымды ұстанып отыр. Ақын ойының нәр алар түп-төркіндері туралы адамгершілік ойларының табиғаты жай ақындық сезімнен туа салған нәрсе емес. Керісінше терең жүйелі көзқарас пен ішкі нанымның қалыптасуынан туындап жатқан ой ағысының желілері. Себебі осы іспеттес танымның желісіндегі ой-пікірлер Ғазалидің еңбектерінде молынан ұшырасып, кең тұрғыдан арнайы сөз болып отырады: «Халық ғаплетте, құмарға батқан, ұйқыға кеткен... Ғапілеттен оянған адам болса, ол да шынайы жол мен сырдан бейхабар болғаны үшін әлсіз. Ғалымнан көмек сұрайын деп барса олар да дүние махаббатына батып кеткен. Өзі шынайы жолда болмаған адам, жолдың заңын қайдан

<sup>16</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мухаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 372 б.

<sup>17</sup> Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ мектебінің көркем әдебиеті, 1952. – 129 б.

білсін?!»<sup>18</sup> – деп ақыл мен қайраттың ерекеті жүректен ажырауы себепті ғалым да дүниесүйгіштік құмардың соңында кетеді. Ізгілік пен жақсылық бағытынан ауытқып, әділдіктен мақұрым қалатынын айтады. Расында да жүректің билігінсіз ақыл мен қайраттың әрекеті екі ұшты, қайраттың өрісі тар және зұлымдыққа бейім деп қарайды.

### Мораль философиясы

Мораль философиясын махаббат сезімінен жеткізгісі келген Ғазали: «Алла күллі нәрсені жаратушы. Егер адам барлық нәрсені біліп, тек Алланы танымаса, онда ол еш нәрсені білмейді деген сөз. Танып-білудің белгісі – махаббат. Алланы жақсы көрген адам, Алланы танушы болып есептеледі»<sup>19</sup> – деп баяндайды. Себебі махаббат тақырыбына құрылған ойлар нағыз гуманизм, оптимизм идеяларын насихаттаған туындылар болмақ. Дәл осы мазмұнда гносеологиялық сарынмен келген өлеңді исламиятқа ықылас қойған Абайдан да көреміз:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,

Сен де сүй ол алланы жаннан тәтті<sup>20</sup>.

Екі ойшы да имандылық арқылы терең адамгершілік идеясын адам жүрегіне ұялатып, онымен адам санасын тазартып, парасаттылықты орнықтыруды көздейді. «Махаббат пен құштарлық ол екі жол», – деп Абай айтқандай, адамдардың қоғамдағы отаншылдық, халық сүйгіштік, ұлт жандылық, патриоттық, адамгершілік, имандылық қатынастарын анықтайтын халыққа тән философиялық категория. Махаббаты жоқ адам әлемді және өзін өзі тани алмайды, оның өмірге деген рухани құштарлығы да жоқ адам. Осы арада танымал абайтанушы ғалым Ғарифолла Есім де Абай дүниетанымындағы махаббат ұғымына өзіндік тұрғыдан жақындайды. Ғалым: «Абай түсінігіндегі Алла адамзатты махаббатпен жаратқан, демек, махаббат, адамзатқа дейінгі болған жаратушы – құдіретті. Ал, ғашықтық болса адамның Алласына яғни жаратушысына деген рухани сезімі...» деп тұжырымдап көрсетеді<sup>21</sup>.

<sup>18</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 4. – 352 б.

<sup>19</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мухаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 114 б.

<sup>20</sup> Мәнерлеп оқу шеберлігі. Алланың өзі де рас. – Алматы: Дәуір, 2006. – 130 б.

<sup>21</sup> Есім Ғ. Адам-Зат: Философиялық эсселер кітабы: – Астана, 2002. – 182 б.



Ғазали көркем мінез негіздерін талдай отырып, ондағы ақыл, ерлік, мейірім мен әділдік туралы түбірлі гуманистік танымдарға ерекше мән беретіндіктен адамгершілікті, моральдық философияны барлық жайдан жоғары қояды: «Сонымен ахлақтың негізі төртеу: ақыл, ерлік және жұмсақтық пен әділдік. Нәпсі осы ақыл арқылы өз ықтиярымен жасаған барлық әрекеттерінің арасынан жаманнан жақсыны айырып алады»<sup>22</sup>.

Сөйтіп, негізгі төрт адамгершілік категорияларының жоғарысы, ақыл болмақ. Мұнан соң әділдік келеді, себебі әділдік те ақыл сияқты нәпсінің жағдайын жасайды. Нәпсі одан күш алып, ақылдың таразылауына байланысты ашу-ыза мен құмарлықты басады әрі оларды басқарады. Ойшыл, ашудың асып-тасыған немесе басылған кездерінде ақылға бағынуын ерлік деп атады. Ал құмарлық күшін ақыл мен шариғат айтқандай тәрбиелеуін, өзін-өзі тежеу деді. Кімнің бойында осы төрт негіз теңесіп, ортаға келсе барлық мінезі көркемделіп кемелденеді.

Әділдік ұғымында орта шамадан асу немесе төмен түсу қасиеті жоқ, яғни әділдік қасиеті көбеймейді немесе азаймайды. Оған жалғыз қарама-қарсылық – зұлымдық. Кез келген шектен асып кеткен нәрсенің сипаты өзгереді. Сол сияқты ақылды жөн-жобасыз, бұзық мақсаттар жолында жұмсай беру оны керексіз затқа айналдырады. Ал ақылға немқұрайлы қарау, ақылсыздықты тударыды. Сондықтан ортаны ұстану, ақыл үшін де тән ерекшелік. Егер құмарлық күші асып кетсе, ашкөздік болмақ. Ал енді шамадан тыс төмен болса, онда немқұрайлық басталмақ. Демек мақтауға ең лайығы – ортадағы күй. Бұл қайырлы болып саналады. Ортадағы әділдік мөлшерінен асып кетсе немесе төмендесе – адам «кемел» емес, «жарты адам» болады.

Абайдың 17-сөзінде адамның адамгершілігі неден құралады дегенде: қайрат, ақыл, жүрек үшеуін айтып, әділ ғылымға жүгіндіреді. Осы тұрғыдан қарар болсақ, ақын жәуанмәртлікке тән сипаттар мен «Әсемпаз болма әрнеге» өлеңіндегі адамшылық негізі ретінде берілетін ақыл, қайрат, әділет, шапағат ұғымдары бір-бірімен мағыналық жағынан тікелей байланыста жатқан қастерлі ұғымдарға жатады. Бұл төрт қасиет Ғазалидегі кемел адам бойынан табылатын негізгі адамгершілік: ақыл, ерлік және жұмсақтық пен әділдік категориялармен мағыналық һәм мазмұндық жақтарынан сабақтастық

<sup>22</sup> Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мухаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 130 б.



тауып тұрғандай. Абайдың осы өлеңдегі ақыл, қайрат, әділет, шапағат сияқты құндылықтардың жеке адамды тәрбиелеу жолындағы ролін қазақ қоғамы үшін биік тұғырға көтеруі де тегін болмаса керек.

Ғазали өзі өмір сүрген әлеуметтік ортаны және онда жасаушы жеке адамдардың ахлағын тәрбиелеу арқылы олардың ішкі әлемін көркейтуге ұмтылған ойшыл, Абай ағартушылық, философиялық-гуманистік жолмен қазақ қауымының әлеуметтік тұрмысы мен оның жан дүниесін жақсартуға талпынған ақын-қайраткер. Сол себепті екі ғалымның да «кемел адам», «көркем мінез» туралы өрістері кең күрделі ойларға мейлінше мол орын беріп отырған. Мысалы: Ғазалидің «Жүректің ашылуы», «Амал таразысы», «Бақыт дауасы», «Адасудан құтқарушы», «Жан тәрбиесі» сияқты т.б. көптеген еңбектеріндегі кемел адам (инсанун кәмилун) мен көркем мінез (хусн әл-хулық) жөнінде айтылған терең ұғымды пікірлері мен Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Әсемпаз болма әрнәге», «Малға достың мұңы жоқ, малдан басқа», «Әуеліде бір суық мұз – ақыл зерек» өлеңдеріндегі тікелей де нақтылы айтылған толық адам, «адам болам десеңіз» туралы адамгершілік пікірлерімен желілі түрде іліктесіп, үндесіп жатқанын көреміз.

### Қорытынды

Ғазалидің өзіндік пікірге айналған «кемел адам» туралы ойлардың шығу төркіні өзінен бұрынғы Шығыс ойшылдары ғасырлар бойы үзіліссіз айтып келе жатқан мораль философиясының негіз тобымен тоқайласқан бірліктері сезіледі. Ойшыл бұл белгілерді ақыл ырқына салып, талғап таңдап, мұсылманшылық әдеп тұрғыдан қорытып отырады. Сол сияқты адам болу туралы Абайда молынан сөз болып өткен ойлар желісінде айтылған пікірлер Шығыс ойшылдарының да әр түрлі бағыт-бағдарда айтылған күрделі мәселелердің бірі болатынды. Бұларға Абай ақындық тұрғыдан қатынас жасағанда өз заманы қойған ағартушылық тұрғыдан елеп алар еді.

Шығыс әдебиеті мен суфизм поэзиясында көп таласқа түсіп, әр түрлі таным тұрғысынан пікір айтылған «инсан кәмил» (толық адам) мен «беңделіктің кәмалаттығы» талас пікірлер ғасырлар бойы уағыздалып жатқаны мәлім. Сондықтан адам болу, кемелдік пен көркем мінез туралы Ғазали мен Абай танымының түп-төркініне назар аударсақ, суфизм моралі де ашығырақ байқалады.



Адамның жан сыры хаққындағы ойлары мен сол танымын насихаттау үстінде қолданған ұғымдық атаулар мен терминдік сөздерінің шығу төркінін, бастау алар көздерін іздестіре бастасақ болғаны Шығыс мұсылман ойшылдары әл-Фараби, Ибн Сина, Ибн Туфейль, әл-Ғазалидің еңбектеріне тірелеміз. Мысалы; Ғазали қолданатын «жан құмары» (һауйяту ән-нәфс), «жанның жибили қуаты» (әл-қууату әл-жибилиә ән-нәфсия), «жан қуаты» (әл-қууату ән-нәфсия), «ақыл күші» (әл-қууату әл-ақлия), «әділдік күші» (әл-қууату) жөніндегі т.б. философиялық терминдер Абайдың өлеңдері мен 7, 17, 27, 38, 43-қарасөздерінде сол түпнұсқадағы қалпында немесе қазақы ұғымға сай балама сөздермен берілуі кездейсоқ құбылыс емес.

Ғазали мен Абайдың еңбектеріндегі мораль философиясының негізі, яғни насихатталып отырған адамгершілік, гуманистік ойлардың бәрі «жүрек» ұғымымен ұштас жатыр. Мұны адамгершілік асыл қасиеттердің негізі ретінде ұғынған жөн. Себебі адамгершілік құндылықтар пікірінің астарында – жүрек мәселесі жатыр. Абайдағы «хауас», «үш сүю» (имани гүл), «жауанмәрттік», «әділет», «шапағат» ой толғаныстарының желісі де осы таным шеңберіндегі ұғымдар.

Ғазалидің Абайдан ерекшелігі, ойшылдың жүрек туралы сан қырлы танымдары Абай сияқты көбіне поэтикалық тіл тұрғысынан емес, бәлкім философиялық трактаттар тұрғысынан қарастырылды. Ғазали мен Абай ахлақты екі ғылымға яғни, адамның «ішкі» рухани дүниесіне және «сыртқы» іс-әрекет пен қылыққа бөліп қарастырды. Сөйтіп ішкі мен сыртқының бірлігі, түйсік пен амалдың қосындысы адамның этикалық өмірінің мәнін құрады.

Абайдың жан «мен», тән «менікі» туралы дүниетанымын молырақ білдіретін өлеңдерін, әсіресе, қарасөздеріндегі жан сыры туралы ақын ойының өзекті желісін ой көзімен салыстыра отырып ашар болсақ, онда оны Ғазалидің «Риязату ән-нәфс» (Жан тәрбиесі) трактатындағы жан мен тән туралы нанымына саятыны айқындалады. Адамның жан сыры хаққындағы ойлары мен сол танымын насихаттау үстінде қолданған ұғымдық атаулар мен терминдік сөздерінің шығу төркінін, бастау алар көздерін іздестіре бастасақ болғаны Абайдағы «жан қуаты», «жан құмары», «жан азығы» деп аталатын танымдары Ғазалидегі «ақыл қуаты» (қууату әл-’ақл), «нәпсі күші» (қууату ән-нәфс), «нәпсі құмарлығы» (шаһуату ән-нәфс), «зерденің кемелдігі» (кәмәләту әл-’ақл) ұғымдармен өзектес болып келеді.





Абай шығармаларындағы адамның өзін тануы туралы ойларының негізіне ақын қолданған терминдер мен терминдік мәні бар сөздердің шығу тәркісіне сүйене отырып, бұларды Ғазали сияқты ойшылдардың еңбектерімен салыстыра қарастыру арқылы рухани құндылықтар мен даналар танымы жөніндегі хабарлардың арғы-бергі тарихымен кең танысу мүмкіндігі туады. Әрі бұл жолда табылған мәліметтердің өзі, біздің өткен тарихымызбен келешегіміз үшін бұлтартпастай айғақ орнына ұстануға жарарлықтай қуатқа ие деректер болмақ.

#### Пайдаланылған әдебиеттер

- Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-Дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 3. – 584 б.
- Мырзахметұлы М. Абай және Шығыс. – Алматы: Қазақстан, 1994. – 208 б.
- Абай. Өлеңдер. – Алматы: Казгослитиздат Полиграфический комбинат при совете Министерства Каз. ССР, 1952. – 342 б.
- Әл-Афкар гинда әл-Ғазалий. – Байрут-Любнан: Әл-Мактаба әл-Арабия, 1983. – 242 б.
- Әбу Хамид Мұхаммед ибн Мұхаммед әл-Ғазали. Ихия'у 'улум әд-дин. – Мысыр: Дар әл-Иман, 1996. – Т. 4. – 498 б.
- Құнанбаев А. Аудармалар мен қара сөздер. – Алматы: Жазушы, 1977. – 312 б.
- Абай. Қара сөз. – Алматы: Өнер, 2001. – 258 б.
- Бертельс Е.Э. Суфизм и суфийская литература. – М.: Наука, 1965. – 278 с.
- Көбесов А. Әл-Фараби. – Алматы: Қазақстан, 1971. – 172 б.
- Құнанбаев А. Таңдамалы шығармалар. – Алматы: Қазақ мектебінің көркем әдебиеті, 1952. – 342 б.
- Мәнерлеп оқу шеберлігі. Алланың өзі де рас. – Алматы: Дәуір, 2006. – 230 б.
- Есім Ғ. Адам-Зат: Философиялық эсселер кітабы: – Астана, 2002. – 382 б.

